

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 29 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Орынбасары Н.М. ӘБДІРОВ жүргізді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасын бірінші оқылымда қараймыз.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Омаров Сапархан Кесікбайұлына беріледі.

ОМАРОВ С.К. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті депутаттар! Жер саласы халық үшін әрқашан әлеуметтік маңызды салалардың бірі болып келді.

Осыған байланысты кәсіпкерлік қызметті дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы жерлерін экономикалық айналымға тарту үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған болатын. Ол 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік компанияларға, сондай-ақ шетелдік үлесі бар қазақстандық компанияларға жалға беруді көздеген еді.

Бұдан әрі «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен Жер кодексіне Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін тек жекеменшік құқығымен беру, сондай-ақ қандастарға жерді азаматтарға секілді тең құқықпен беру бөлігінде тиісті өзгерістер енгізілді. Алайда еліміздің егемендігін нығайту және халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік компанияларға, сондай-ақ шетелдік үлесі бар қазақстандық компанияларға жалға беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына жекеменшікке беруге мораторий енгізілді.

Мораторий мерзімі 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатынын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылы 25 ақпанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында жер мәселесі қашанда халқымыз үшін аса маңызды екендігін айта отырып, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заңнама жүзінде біржола тыйым салуды тапсырды.

Аталған тапсырманы Президенттің заң шығару бастамасы шеңберінде жедел жүзеге асыру қажет деп шешілді. Осыған байланысты тиісті заң жобасын Парламент Мәжілісі мақұлдап, ағымдағы жылдың 14 сәуірінде Сенатқа енгізді.

Құрметті депутаттар, бүгінгі күні сіздерге ұсынылған заң жобасында ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және шетелдік компанияларға, шетелдік үлесі бар қазақстандық компанияларға, азаматтығы жоқ адамдарға, халықаралық қатысу үлесі бар ғылыми орталықтарға, сондай-ақ қандастарға беруге толықтай тыйым салу көзделген.

Бұдан басқа заң жобасында бұдан бұрын шетелдіктер және шетелдік үлесі бар қазақстандық компаниялар жалға алған ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану мерзімі ұзартылмайтыны және олар пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін ғана иелікте болатыны көзделген. Ал қандастар жер учаскесін жеке қосалқы шаруашылық, бақ өсіру және саяжай құрылысы үшін ала алады, ауыл шаруашылығы жерлерін Қазақстан азаматтығын алғаннан кейін ғана жалға алуға мүмкіндігі бар.

Қазіргі уақытта жалпы ауданы 74,4 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді шетелдік қатысуы бар жеті заңды тұлға жалға алып отыр. Оның ішінде Жамбыл облысында ауыл шаруашылығына арналған ауданы 5,9 мың гектарды 1 кәсіпорын, Павлодар облысында ауданы 32,2 мың гектар ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жері бар 1 кәсіпорын, Атырау облысында 1,6 мың гектар жер 1 кәсіпорында және Ақмола облысында жалпы алаңы 34,7 мың гектарды құрайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы 4 кәсіпорын бар. Сондай-ақ екі шетелдік компания жұмыс істейді, бұл Шығыс Қазақстан облысында 14,9 мың гектар алқапта 1 кәсіпорын және Жамбыл облысында 3,6 мың гектар алқапта 1 кәсіпорын.

Бұл компаниялар аталған жерлерді мораторий кіргізілместен бұрын жалға алған. Бұл шетелдік компаниялардың ауыл шаруашылығы жерлерінің жалдау мерзімдері 2022 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңде аяқталады. Тиісінше, жалға алу мерзімі аяқталғаннан кейін жаңа мерзімге ұзартылмайды, өйткені бүгінгі күні талқыланған заң жобасы шетелдік жер пайдаланушыларға және әртүрлі бірлескен кәсіпорындарға жер беруге толық тыйым салуды қарастырады.

Бұл ретте барлық ауыл шаруашылығы алқаптарын ұтымды пайдалануға мемлекеттік бақылау жүргізіліп жатқанын атап өткім келеді. Сонымен қатар пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтарып алу мерзімін 2 жылдан 1 жылға дейін қысқарту бойынша заңнамалық механизм әзірленуде. Сондай-ақ 2020 жылғы желтоқсанда Салық кодексіне заңнамалық түзетулер қабылданды. Онда пайдаланылмайтын жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін 10 еседен 20 есеге дейін ұлғайту көзделген, яғни ұтымсыз жер пайдаланушылар пайдаланылмайтын жерлерден өз еркімен бас тартуы үшін экономикалық мәжбүрлеу тетігі іске қосылғанын атап өткім келеді.

Құрметті депутаттар! Заң жобасында Жер кодексіне және үш заңға, оның ішінде «Халықтың көші-қон туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп отыр. Аталған заң жобасының қабылдануы теріс әлеуметтік-экономикалық, заңнамалық салдарларға әкеп соқпайды.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, Нұрлан Мәжитұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министріне.

Құрметті Сапархан Кесікбайұлы, жер дегенде жүрегі дүрсілдемейтін қазақ жоқ қой. Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізетін, құрамында шетелдік қатысушылары (кұрылтайшылары) бар жеті кәсіпорын бар екен. Олардың пайдалануындағы жерлер жалдау мерзімі өткеннен кейін мемлекетке қайтарылуы тиіс.

Осыған байланысты екі сұрағым бар:

1. Аталған кәсіпорындар жерді жалдау мерзімі өткенге дейін өз құрамынан шетелдік қатысушыларды шығарған жағдайда олар жер иелену құқығын қайта ресімдеуге міндетті болады ма?

2. Бұл ретте осындай кәсіпорындардың шетелдік қатысушылар алдындағы міндеттемелеріне қатысты мәселелері қалай шешілуі мүмкін? Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сапархан Кесікбайұлы, жауап берсеңіз.

ОМАРОВ С.К. Сұрағыңызға рақмет.

Жаңа мен баяндамамда да айтып кеттім, қазір сіз де айтып жатырсыз, бізде жеті кәсіпорын бар. Олар 74, 4 мың гектарды бүгінгі күні жалға алып отыр. Қайталап айтқым келеді, бұл мораторийге дейін алынған жерлер. Бұлардың жалдау мерзімі 2022 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықта аяқталады. Мына заң қабылданғаннан кейін сол кезде бұл жерлердің бәрі қайтып алынатын болады.

Негізі бірінші сұрақ бойынша бұл Азаматтық кодекстің 42-бабында қаралған. Осы бапқа байланысты шетелдік құрылтайшылар құрамынан шығарылған кезде бұл кәсіпорын тек қайтадан тіркеуден өтеді, ал жерді жалға алу мерзімі сол күйінше қала береді. Ол жерді қайтадан алуға, қайтадан құжат тапсырып осының бәрінен қайтадан өтудің керегі жоқ.

Бұлардың екеуінің арасындағы өздерінің жұмысы, алған міндеттемелері Азаматтық кодекстің 42-бабында толығымен қаралған және ол осылардың өздерінің жарғысында да қаралған.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Келесі сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, Нұрлан Мәжитұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне арналады.

Баршамызға белгілі, көптен бері біздің елдің азаматтары үшін жер мәселесі төңірегінде туындаған жанға батып жүрген дау өзекті болып тұр. Себебі соңғы 5 жыл ішінде көтеріліп, шешімін таппай, халықты алаңдатып жүрген басты пікірталастың бірі болып табылады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шетелдіктерге ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді сатуға және жалға беруге толық тыйым салу туралы саяси шешімі құптарлық шешім және жан-жақты қолдау табатыны сөзсіз.

Осыған байланысты төмендегідей сұрақтарым бар:

1. Қаралып отырған заң жобасын қабылдау жер мәселесі айналасындағы өзекті мәселелерді толығымен жабады деп нақты айта аласыз ба?

2. Қаралып отырған заң жобасында заңнамалық кемшіліктер мен олқылықтар қалып кеткен жоқ па?

3. Заң жобасын қабылдау келешектегі инвестициялық келісімдердің тағдырына қалай әсер етеді?

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Пожалуйста, Наталья Виссарионовна, Вам слово.

ПАН Н.В. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

Земля для наших граждан является не только экономическим ресурсом, она имеет сакральное значение. В этой связи, как Вы правильно отметили, основной нормой проекта закона является полный запрет на продажу и отчуждение земель

сельскохозяйственного назначения иностранным гражданам и юридическим лицам с иностранным участием.

В законопроекте имеются иные нормы, усиливающие, укрепляющие данный запрет. В частности, предусмотрено отчуждение земельного участка в случае вхождения в состав юридического лица иностранного гражданина. Это делается для того, чтобы исключить любую возможность нахождения в составе организаций, владеющих землями сельскохозяйственного назначения, иностранных граждан.

В целом законопроектом предусмотрены все возможности для исключения возможного приобретения иностранными лицами земель сельскохозяйственного назначения.

Что касается ранее заключенных инвестсоглашений, то их стабильность гарантируется Гражданским, Предпринимательским кодексами. На юридическую судьбу данных заключений не повлияет представленный проект закона, проблем не будет.

В целом можно говорить о том, что проект закона укрепит государственный суверенитет и позволит в полной мере обеспечить национальные интересы наших граждан. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спасибо, Наталья Виссарионовна.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сапархан Кесікбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Нұралиев Әбделі Тоқбергелұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен әзірленді.

Заң жобасының басты мақсаты ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді шетелдіктердің және шетелдік компаниялардың, шетелдік үлесі бар қазақстандық компаниялардың, азаматтығы жоқ адамдардың, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтардың, сондай-ақ жер учаскелерін жекеменшік құқығымен және уақытша жер пайдалану құқығымен қандастардың иеленуіне тыйым салуды енгізу болып табылады.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасының тұжырымдамасына қатысты ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Мүдделі уәкілетті органдар, қоғамдық ұйымдар мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының екі отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Талқылаудың барлық сатысында қатысушылар Мемлекет басшысының заңнамалық бастамасын қолдай отырып, өзгерістердің бүгінгі күннің талабына сай әрі өз кезеңінде болғанын атап өткендерін айта кеткім келеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Әбдәлі Тоқбергелұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті әріптестер! Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты тұжырымдамалық мақаласында «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз» екенін ерекше атап өтті. «Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет», – деген.

Қазақ халқының бүкіл тарихы, мәдениеті мен дүниетанымы ғасырлар қойнауына дейін ұлттық мақтаныш пен өз жеріне деген құрмет, мемлекеттілігіміздің негізі ретінде жердің тұтастығын қорғау және сақтау идеясымен астасқан. Сондықтан да Мемлекет басшысының ауылшаруашылық жерлерін азаматтығы жоқ тұлғаларға, шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғаларға және де шетелдік үлесі бар қазақстандық заңды тұлғаларға заңнамалық деңгейде сатуға және жалға беруге толық тыйым салу туралы шешімі 2016 жылдан бері жұртшылықты алаңдатқан басты принципалды мәселені түбегейлі шешіп отыр.

Заң жобасын қабылдау уақытылы және халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға әсері зор.

Құрметті әріптестер, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың бүгінгі күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды енгізуді ұсынамын.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Бұл мәселе бойынша шақырылған азаматтар екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасын бірінші оқылымда қараймыз. Бұл заң жобасын Парламенттің бір топ депутаты әзірледі.

Слово для доклада от имени инициаторов предоставляется депутату Мажилиса Рау Альберту Павловичу.

РАУ А.П. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті депутаттар! Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан» иницирован депутатами Мажилиса VI созыва.

Законопроект разработан в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 26 июня 2019 года «О мерах по снижению долговой нагрузки граждан Республики Казахстан».

3 марта текущего года данный законопроект был одобрен Мажилисом во втором чтении.

Законопроект предусматривает нормы:

обязывающие микрофинансовые организации указывать информацию о полной стоимости кредита на первой странице договора;

запрещающие банкам и микрофинансовым организациям начислять вознаграждение на капитализированное просроченное вознаграждение, неустойку, штрафы, пени, комиссии.

Микрофинансовые организации будут должны указывать годовую эффективную ставку вознаграждения при размещении и распространении рекламы.

Для усиления надзора за выдачей займов и микрокредитов населению банки и микрофинансовые организации будут обязаны предоставлять в кредитное бюро информацию о номинальной и годовой эффективной ставках вознаграждения.

Кроме того, внесены изменения, касающиеся недопущения роста рисков в кредитовании и чрезмерного роста долговой нагрузки граждан по кредитам. Так, по истечении 180 дней просрочки предлагается ввести запрет на начисление вознаграждения, комиссий и иных платежей, обязательств по всем ипотечным займам. По аналогии с банковским законодательством ограничить размер неустойки на просрочку по микрокредитам.

Ряд поправок направлен на повышение эффективности механизма досудебного урегулирования проблемной задолженности по займам граждан путем:

введения единого правового режима урегулирования просроченной задолженности для всех кредиторов – банков и небанковских кредитных организаций. На уровне подзаконного акта будет определен порядок рассмотрения кредиторами обращений заемщиков;

сокращения в два раза сроков (со 180 до 90 дней) взаимодействия заемщика и кредитора для урегулирования проблемной задолженности.

Как мера защиты заемщику предоставляется право обратиться в Агентство по регулированию и развитию финансового рынка, если не достигается согласие с кредитором по условиям реструктуризации займа. В этот период кредитор не вправе начинать процедуру взыскания задолженности имущества должников.

Для очищения негативной кредитной истории заемщиков, погасивших кредиты и не имеющих задолженностей, предлагается сократить срок хранения кредитных историй в кредитных бюро с 10 до 5 лет.

В целях недопущения недобросовестных действий коллекторских организаций предлагается:

ввести запрет коллекторам на взаимодействие с чужих телефонных номеров;
установить обязанность видео-, аудиофиксации процесса взаимодействия с должниками;

ограничить взаимодействие коллектора с третьими лицами.

Также в целях повышения ответственности коллекторских агентств предлагается установить требования к минимальному размеру уставного капитала, который будет устанавливаться нормативным правовым актом уполномоченного органа.

Құрметті әріптестер! Считаем, что принятие законопроекта защитит права наших сограждан, заемщиков микрофинансовых и банковских организаций, будет способствовать снижению закредитованности населения объемов невозвращенных займов.

Уважаемые депутаты, просим поддержать.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спасибо, Альберт Павлович.
Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, Нұрлан Мәжитұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкіліне.

Қаралып отырған заң жобасымен «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізіледі. Соның ішінде қарыз алушылардың қаржылық қызметтерге, оның ішінде қарыздарға қол жеткізуін қалпына келтіру, кредиттік бюролардағы жағымсыз кредиттік тарихты тазарту мақсатында кредиттік тарихты сақтау мерзімін 10 жылдан 5 жылға дейін қысқарту көзделген. Айта кету керек кейбір шет елдерде кредиттік ақпаратты кредиттік бюроларда сақтау мерзімі 7 жылды құрайды екен.

Осыған байланысты менің сұрағым: кредиттік тарихты сақтау мерзімін 10 жылдан 5 жылға дейін қысқарту қандай экономикалық талдауларға негізделген және мультипликативті әсері қандай болатыны туралы болжам бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Нұрлан Алмасұлы, жауап беріңіз.

ӘБДІРАХМАНОВ Н.А. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті Сенат депутаттары! Сұрақтарыңызға рақмет. Кредит тарихы мәселесі өте маңызды мәселе. Рұқсат болса орыс тілінде жауап берейін.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Айтыңыз.

ӘБДІРАХМАНОВ Н.А. Агентством был проведен экономический анализ. В настоящее время в стране действуют два кредитных бюро, у них имеется информация о 6,7 миллиона заемщиков, это включая действующие и погашенные кредиты, а также непогашенные кредиты, просроченные. Из этого числа 1,5 миллиона граждан погасили кредиты, но по ним имеется негативная кредитная история, связанная с тем, что они допускали прострочки свыше 90 дней. В связи с этим банки и микрофинансовые организации отказывают им в получении новых займов.

Из 1,5 миллиона более 5 лет назад погасили просроченные займы порядка 489 тысяч человек, а более 7 и 10 лет – 346 тысяч и 107 тысяч человек соответственно.

Таким образом, сокращение срока с 10 до 5 лет имеет больший экономический и социальный эффект.

Дополнительно агентством был проведен правовой анализ, который показал, что согласно Гражданскому кодексу срок исковой давности не превышает 5 лет. В этой связи поправка по сокращению срока хранения кредитной истории обеспечит корреспондирование и приведение в соответствие норм закона о кредитных историях с нормами и положениями Гражданского кодекса.

Мы ожидаем, что в среднесрочной перспективе поправка будет иметь мультипликативный положительный эффект. В частности, 500 тысяч граждан, включая 50 тысяч индивидуальных предпринимателей, смогут получить кредиты в банках в связи с тем, что по ним кредитная история не будет содержать негативной информации, соответственно, она не будет влиять на принимаемые банками и микрофинансовыми организациями решения о выдаче займа.

Предположительно поправка будет иметь и стимулирующий эффект для роста кредитования на 1,2 триллиона тенге, в том числе индивидуальным предпринимателям – на 670 миллиардов тенге для поддержки бизнеса и развития, а также физическим лицам – на 530 миллиардов тенге. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Альберт Павлович, спасибо. Присаживайтесь на свое место.

Слово для содоклада предоставляется председателю Комитета по финансам и бюджету Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті әріптестер! Рассматриваемый законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан» разработан в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 26 июня 2019 года №34 «О мерах по снижению долговой нагрузки граждан Республики Казахстан» и поручением Главы государства, данным на расширенном заседании Правительства 24 января 2020 года.

Целями законопроекта являются недопущение роста дальнейшей закредитованности граждан, обеспечение оптимальных темпов роста кредитования в рамках дополнительных мер регулирования, а также регламентация взаимодействия коллекторских агентств с должниками и третьими лицами с учетом этических требований.

Мировой опыт показывает, что кредитование и предоставление других финансовых услуг могут быть эффективными инструментами для расширения у людей выбора и покупательских возможностей. Однако ситуация на отечественном финансовом рынке показывает, что зачастую наши сограждане злоупотребляют представленными возможностями и набирают займов больше, чем могут себе позволить. Эту ситуацию усугубила экономическая нестабильность, вызванная пандемией.

По данным финансового регулятора, в течение прошлого года рост суммы кредитов населения составил 12,6 процента. С ростом ссудного портфеля возрастают риски возникновения просроченной задолженности. Меры, направленные на снижение уровня проблемной задолженности, действующим законодательством уже предусмотрены.

Данным законопроектом предусмотрен комплекс дополнительных мер, направленных на предотвращение образования проблемной задолженности путем повышения информированности граждан, на снижение отрицательных последствий по уже образовавшимся долгам, а также на ужесточение требований к коллекторским организациям.

Законопроект предусматривает изменения по двум основным блокам.

Первый блок – усиление защиты прав потребителей финансовых услуг, что включает:

введение единого правового режима урегулирования просроченной задолженности по банковским займам и микрокредитам;

установление запрета на требования по выплатам вознаграждения, неустойки и иных платежей по всем ипотечным займам и микрокредитам, выданным под ипотеку;

мониторинг на постоянной основе информации о номинальных ставках и годовых эффективных ставках вознаграждения;

сокращение срока хранения кредитной истории с 10 до 5 лет.

Второй блок – совершенствование деятельности коллекторских агентств, это:

установление требования к минимальному размеру уставного капитала коллекторского агентства;

запрет на взаимодействие с должником с не зарегистрированными за коллекторским агентством телефонных номеров;

установление обязанности по осуществлению аудио- и видеофиксации во всех случаях взаимодействия с должником;

определение порядка взаимодействия коллектора с третьими лицами и другие.

Законопроект был рассмотрен постоянными комитетами Сената, замечаний и предложений по концепции законопроекта нет.

С учетом вышеизложенного Комитет по финансам и бюджету, руководствуясь пунктом 58 Регламента Сената, предлагает одобрить в первом чтении законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спасибо, Ольга Валентиновна.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қылышбаев Нұрлан Наурызұлына беріледі.

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Тұтынушыларға тоқтаусыз, тіпті жауапсыз несие беруге нормативтік тұрғыдан тосқауыл қою керек. Оның айтарлықтай әлеуметтік зардабы болуы мүмкін. Азаматтардың қаржылық сауатының төмендігі оларға түрлі несиені жөн-жосықсыз тықпалауға себеп болмау керек», – деп атап өткен болатын. Сондықтан депутаттардың бастамасымен дайындалып, бүгін қаралып жатқан заң жобасын маңызды және уақытылы деп санаймын.

Қазіргі уақытта коллекторлық агенттіктердің қызметіне шағымдар көптеп түсуде, сол себепті де заң жобасымен жарғылық капиталының ең төмен мөлшерін белгілеу секілді олардың қызметіне қойылатын талаптардың күшейтілуі, сол арқылы жауапкершілігін арттыру жағдайлары қарастырылып отыр.

2021 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша тіркеуден өткен жұмыс істейтін коллекторлық агенттіктердің саны 206, оның ішінде 173 агенттіктің жарғылық капиталы 500 мың теңгеден аспайды. Мұндай шағын коллекторлық агенттіктерде клиенттермен қашықтықтан жұмыс істеуге ауысу үшін call-орталығы қызметкерлері штатын кеңейтуге, қарыз алушылардың мүмкіндіктерін есепке ала отырып, проблемалық несиелерді қайта құрылымдау арқылы қарыз жүктемесін азайтудың жеке схемасын дайындай алатын қаржылық білімі бар жоғары білікті маман жалдауға қаржылық ресурстары жеткіліксіз. Сондай-ақ мұндай кішігірім агенттіктердің борышкерлермен өзара әрекеттесу процесіне қойылатын қатаң талаптарды орындай алмайтыны анық.

Заң жобасымен қарастырылып отырған коллекторлық агенттіктердің жарғылық капиталының ең төмен мөлшерін белгілеу шарасы борышкерлердің мүдделерін қорғай отырып өзара әрекеттесу деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған коллекторлар үшін кемінде бір жылға жарғылық капиталды қалыптастырудың кезеңдік кестесі белгіленетін болады.

Құрметті әріптестер, сондықтан аталған заң жобасын толығымен қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Нұрлан Наурызұлы.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Уважаемый Нурлан Мажитович! Уважаемые коллеги! Прошу включить в повестку дня сегодняшнего пленарного заседания Сената рассмотрение законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан» во втором чтении.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет.

Құрметті Нурлан Мәжитұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын талқылау барысында оның нормаларына қатысты Сенаттың тұрақты комитеттері мен жекелеген Сенат депутаттарынан екі ұсыныс түсті, олар салыстырмалы кестеге енгізілді.

Аталған ұсыныстар бойынша жеке орман өсіру үшін жер учаскелерін тек Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдік үлесі жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына беру туралы тиісті өзгеріс пен толықтыруды Жер кодексінің 48-бабы мен 128-бабына енгізу ұсынылып отыр.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және қолданыстағы заңдарына сәйкес келеді.

Заң жобасын қабылдау құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдардың кері әсерін тигізбейді, мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржыларды талап етпейді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандардың негізінде Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті сіздерге салыстырма кестені қарауды және онда енгізілген ұсыныстарды қолдап, Мәжіліс мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 5-тармағына сәйкес Мәжіліске қайтаруды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Әбдәлі Тоқбергелі.

Құрметті әріптестер, заң жобасын тағы да талқылаудың қажеттілігі бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге екі түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылданын деген ұсыныс жасап отыр. Бас комитеттің ұсыныстарын қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Онда заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер! Президенттің бастамасымен дайындалып, бүгін қаралған заң жобасының өзекті екені бәрімізге белгілі.

Жер – халқымыздың ең басты қазынасы, қастерлі тәуелсіздігіміздің белгісі. Сондықтан жер мәселесі қашанда стратегиялық маңызға ие. Осыған орай Сенат депутаттары ел аумағының 41 пайызынан астамын құрайтын ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерін пайдалану құқығы тек Қазақстан азаматтары мен құрамында шетелдіктер болмайтын қазақстандық заңды тұлғаларға ғана тиесілі болу керек деген Мемлекет басшысының ұсынысын толығымен қолдап отыр.

Осы заң жобасына сәйкес бұдан былай шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, қандастарға ауылшаруашылық мақсатындағы жер учаскелері сатылмайды әрі жалға берілмейді.

Жобада Қазақстан Республикасының заңды тұлға мүшесі немесе акционері болып табылатын тұлғаның Қазақстан азаматтығы тоқтатылған жағдайда ауыл шаруашылығы жерлерін иеліктен шығару рәсімі де қарастырылған.

Жалпы, бұл заң жобасы ең алдымен халқымыздың және мемлекетіміздің мүдделерін қорғайды. Сондай-ақ жерді ауылшаруашылық мақсатында тиімді пайдалануға қосымша серпін береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен арнайы құрылған Жер реформасы жөніндегі комиссия осы мәселелер бойынша бірқатар жұмыс жүргізді. Оның құрамында Сенат депутаттары да болды.

Сол комиссияның шешімі бойынша жер мәселесіне қатысты басқа да проблемалар әлі де болса тиісті мемлекеттік органдарда қаралады. Олар бойынша қосымша шешімдер қабылданады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Слово предоставляется депутату Сената Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Құрметті Нұрлан Мәжитұлы, құрметті әріптестер! Проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан» одобрен в первом чтении.

Острой проблемой на сегодняшний день является высокий уровень закредитованности населения. На ипотечном рынке появилось множество льготных программ, которые дают возможность получить ипотеку семьям, которые раньше относились к неплатежеспособным, что, в свою очередь, повышает риск увеличения проблемных займов. Также продолжается рост потребительского кредитования.

Так, на 1 января 2021 года общая сумма выданных кредитов по Казахстану составила 15,8 триллиона тенге, из них кредиты населения – 7,1 триллиона тенге, или 45 процентов от общего объема займов, что на 795 миллиардов тенге больше показателя предыдущего года, причем потребительские займы составляют две третьих от общей суммы кредитов населения.

С ростом кредитования растут и риски возникновения просроченной задолженности. Сумма просроченной задолженности свыше 90 дней по займам физических лиц на 1 января текущего года составила более 380 миллиардов тенге, что составляет 5,4 процента от суммы займов.

Следует отметить, что она снизилась по сравнению с аналогичным показателем прошлого года на 26 миллиардов тенге, или на 6,6 процента, что является следствием принятия законодательных контрмер по росту просроченной задолженности.

Рассматриваемый законопроект направлен на снижение негативных последствий воздействия такой задолженности. Так, при возникновении просрочки выплат по займам кредитные организации продолжают начислять вознаграждения, а также пени на неуплаченную сумму, применяют к заемщику различные штрафы. При реструктуризации проблемного займа кредиторы также требуют оплаты дополнительных комиссий и иных платежей. Поэтому законопроектом предусмотрен запрет на начисление вознаграждений, комиссий и иных платежей по всем ипотечным займам по истечении 180 дней просрочки, и ограничение размеров неустойки за просрочку по микрокредитам.

Еще одним актуальным вопросом, который активно обсуждался на сегодняшнем пленарном заседании, который также волнует наших граждан, является сокращение срока хранения кредитных историй наших граждан. Банки отказывают в кредитовании тем гражданам, у которых в течение прошедших 10 лет имела место просрочка платежей по займу. Сокращение срока хранения кредитной истории с 10 лет до 5 лет позволит 490 тысячам согражданам вновь обрести возможность получения кредитов в банках и микрофинансовых организациях.

В целях предотвращения заблуждений об условиях займа предусмотрены меры повышения информированности граждан. Для этого в рекламе о предоставлении микрокредитов установлено обязательство об указании годовой эффективной ставки вознаграждения. За Агентством по регулированию и развитию финансового рынка закрепляются полномочия по мониторингу рекламы финансовых организаций.

Проблемные вопросы существуют и в деятельности коллекторских агентств, проводящих работу по возврату долгов. В 2020 году Агентством по регулированию и развитию финансового рынка было рассмотрено 320 жалоб по злоупотреблениям и недобросовестному поведению в отношении наших граждан коллекторскими агентствами.

Законопроектом предусмотрено совершенствование законодательства о коллекторской деятельности. Деятельность коллекторских агентств всегда была в фокусе обсуждений депутатами Сената, в первую очередь нашего комитета. Так, в

октябре 2019 года Комитетом по финансам и бюджету был проведен круглый стол по вопросам совершенствования законодательства о коллекторской деятельности, по итогам которого были выработаны рекомендации, которые полностью отражены в данном законопроекте.

С учетом вышеизложенного справедливо будет утверждать, что законопроект имеет социальную направленность и призван снизить кредитное бремя наших граждан.

Законопроект рассматривался с участием заинтересованных государственных органов и негосударственных организаций. В рамках рассмотрения законопроекта проведены три заседания рабочей группы, заседание комитета и расширенное заседание комитета. Постоянные комитеты Сената замечаний по законопроекту не имеют.

Учитывая изложенное, Комитет по финансам и бюджету рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан».

Уважаемые коллеги, прошу поддержать.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спаси́бо, Ольга Валентиновна.

Құрметті әріптестер, заң жобасын тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бұл заң азаматтардың несиені көп алуының өсуін болғызбауға, проблемалы берешекті сотқа дейінгі реттеу тетігінің тиімділігін арттыруға, қаржы ұйымдарының қызметін қадағалауды күшейтуге арналған.

Проблемалы берешекті реттеу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері үнемі мемлекеттік органдардың жіті бақылауында. Осыған орай банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесіне заңнамалық тұрғыдан шектеу белгіленді. Микроқаржылық ұйымдардың қызметі қосымша регламенттелді және тұтынушылық несиелендіру тәуекелдерін шектеу қарастырылды. Қызметі банктер мен қарыз алушылар арасындағы келіспеушіліктерді

реттеуге арналған банктік омбудсмен институты енгізілді. Сонымен қатар заңда коллекторлық агенттіктерге қойылатын талаптар қатаңдатылады.

Қабылдаған заң азаматтардың әл-ауқатына, отандық қаржы жүйесіне және жалпы экономикамызға оң әсер етеді деп сенеміз. Осы заңға бастамашы болған Парламент депутаттарына алғыс білдіреміз.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті әріптестер, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Н. ӘБДІРОВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 29 сәуір

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам земельных отношений», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
С.К. ОМАРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра сельского хозяйства Республики Казахстан
ОМАРОВА С.К. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҮСІП Н.Б. 3

МЕКЕЖАНОВ С.А. 4

ПАН Н.В. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан 4

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий НУРАЛИЕВА А.Т. 5

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. 6

БЕКТАЕВ Ә.Ә. 7

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

А.П. РАУДЫҢ баяндамасы

Доклад депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан РАУ А.П. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АЛДАШЕВ С.Т. 9

ӘБДІРАХМАНОВ Н.А. – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары, заместитель Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка 9

Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по финансам и бюджету ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. 10

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. 12

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. 13

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам земельных отношений» (второе чтение)

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий НУРАЛИЕВА А.Т. 13

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской, микрофинансовой и коллекторской деятельности в Республике Казахстан» (второе чтение)

**Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ
баяндамасы**


Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету
ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. 15

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева